


К.С. Досымбаева

Коучинг Сабақты зерттеудің механизмін түсіндіру

Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Нәтижесі	Ресурс	Уақыт	Рефлексия
Мұғалімдерге сабақты зерттеудің механизмін түсіндіре отырып, оның жетістіктерін көрсету	Психологиялық тренинг, «Сөз қосып тілек айту» стратегиясы, оқыту стратегияларын қолдану, терең тындалым, сергіту сәті	Мұғалімдер сабақты зерттеудің механизмін түсінеді	Интерактивті тақта, тапсырмалар, слайд, А4 парағы, тұз, бор, стикер, ту	50 минут	

Тақырыбы	Сабақты зерттеудің механизмін түсіндіру	
Сілтеме	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, әдістемелік нұсқаулық, мектептегі іс-әрекетті зерттеу	
Мақсаты	Мұғалімдерге сабақты зерттеудің механизмін түсіндіре отырып, оның жетістіктерін көрсету	
Күтілетін нәтиже	Мұғалімдер сабақты зерттеудің механизмін түсінеді	
Тапсырмалар	Коучтың әрекеті	Мұғалімдердің әректі
Психологиялық ахуал туғызу (5 мин)	"Ақ тілек" түрлі түсті стикерлерге әр түрлі сөздер жазылады және мұғалімдерге таратылып беріледі. Мысалы парта, кітап, айна, тау, сызғыш т.б.	Мұғалімдер өзінің оң жағындағы әріптесіне стикердегі сөзді қатыстырып тілек айтады.
Топқа бірігеді	5,4 сандары жазылған қиындыларды тарату, сол арқылы топқа бөлініп отырады	Алған сандарға қарай топтарға бірігеді
Тапсырма №1	Алған сандарды әр топ зерттейді, баға түрінде. "3", "2" бағаларының оқушыға, ата-анаға, мұғалімге тигізетін әсерлері	Әр топ талқылап, зерттеп қорғайды
Тапсырма №2	Слайд "Жауынгердің хаты" Келесі тапсырма бойынша тақтаға назарларын	Әңгіме тоқтатылғаннан соң ары қарай жалғастырады.

аударып «Жауынгердің хаты» оқылады.
Амансыздар ма әке-ана? Қал-жағдайларыңыз қалай?
Денсаулықтың арқасында аман-есен жүріп
жатырсыздар ма?

Ал өзіме келсем әскери міндетімді аяқтап үйге қайтуға
дайындалып жатырмын. Әке-ана егер сіздер рұқсат
етсеңіздер мен досымды өзіммен бірге үйге ала барсам
деп едім. Әрине, сіздердің шешімдеріңізбен. —деген
хатты оқи отырып, мұғалімдерге

-Қалай ойлайсыздар, әке-шешесі қандай жауап
қайтарады? —деген сұрақ қойып ата-ананың орнында
сіздер қандай жауап қайтарар едіңіздер деп, ойларын
ақ қағазға түсіруін өтіндім. Бұл жерде
қатысушылардың бәрі де баласының досын әкелуіне
қарсы еместігін білдірді.

Әскердегі жауынгердің №2 хаты.

Досыңды әкеле бер деген жауаптарыңызға қуанып
отырмын. Досым менімен еріп барған соң, ол біздің
үйде қалады. Өйткені оның басқа баратын жері жоқ. Ол
МҮГЕДЕК. Әрине сіздер келіссеңіздер

-деп жазған хаттың жауабын өз ойларымен
қатысушылар жалғастырды. Әрине бұл кезде біреулер
әкеле бер десе екіншілері әкелмеуін өтініп жазды.

Жедел хат

Құрметті Р Русланның ата-анасы!

Сіздерге балаларыңыз Р Русланның кенеттен қайтыс
болғаны туралы хабарлаймыз. Өздеріңізді күтудеміз.

Әскери басқарма

Новосибирск қаласына барған ата-ана баласының
мүгедек екенін көріп, досым деп өзі туралы жазғанын
түсінді.



	<p>Қалай ойлайсыздар, бала не себепті осы қадамға барды? -деп қатысушы мұғалімдерге сұрақ қойдым. Олардың «Фишбоун» құрастыруын өтіндім.</p> 	
<p>Зерттеу тапсырмасы берілген мұғалімдердің түсіндірілімі</p>	<p>Коучинг басталмас бұрын үш мұғалімге үш зерттеу парақшасы берілген. Сол зерттеу парақшасы бойынша алынған зерттеулердің нәтижесін сұрау</p>	<p>Ойларын жинақтап, құрастырады, бағалайды, қортындылайды Зерттеу парақшасы бойынша алынған нәтижелермен таныстырады</p>
<p>Таныстырылым</p>	<p>Интерактивті тақтаны пайдаланып, "Сабақты зерттеудің механизмін түсіндіру" туралы мәлімет беру</p>	<p>Танысады</p>
<p>Сергіту сәті</p>	<p>Әр топқа А4 парағы, түрлі түсті борлар, тұз таратып беріледі. Берілген заттардан жасалынатын жұмысты түсіндіру</p>	<p>Берілген заттармен жұмыс жасайды</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>Кері байланыс</p> 	 <p>Қатысушылар кері байланыс береді</p>